

Тұйық көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы Шаған ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 қарашадағы № 55 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қарашада № 6991 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 19 қыркүйектегі №1 қорытындысына сәйкес Шаған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шаған ауылындағы Есет би тұйық көшесі "Тұрсын Мұхамеджанов" есімімен қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

У. Абдраманова